

Жоба атауы: AP14871055 «Қазақ тілдік танымдағы «Төрт түлік» концептінің өрісі»

Өзектілігі: Жобаның идеясы тілде сақталған халықтың тұрмыс тіршілігімен біте қайнасып жатқан төрт түлікке қатысты лексикалық бірліктерді кешенді зерттеу болып табылады. Қазақ тілі негізінде сақталған тілдік бірліктер арқылы ұлттық болмысты ашып, ауылшаруашылық, тұрмыс т.б. қажетті ақпаратты анықтау. Бұл жұмыстың қажеттілігі ұлттық болмысы, тіршілігі ұқсас түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының тілдік материалдары негізінде ұмыт болған, жоғалған ақпараттарды қалыптастырып, тіл білімі, ауылшаруашылық, метеорология, биотехнологияға қажетті тілдік ақпараттарды жіктеп көрсетумен байланысты. Жобаны іске асыру ұлттық танымдағы төрт түлік атауларын жүйелі сипаттауға және мүлде жаңа ғылыми нәтиже алып, тек тілдік емес, қоғамның басқа да салаларында пайдалануға мүмкіндік береді.

Мақсаты: қазақ тіліндегі халық ауыз әдебиеті, көркем шығармалар, паремия, топонимия материалдарындағы төрт түлік атаулары негізінде танымдық тұрғыдан ұлттық болмысты айқындау. Түркі, соның ішінде қазақ халқының тілдік деректері негізінде салыстыра отырып, көшпенді халықтардың мал шаруашылығын дамытуға қатысты ақпаратын диахрондық және синхрондық тұрғыдан жіктеу, ғылыми негіздемесін әзірлеу, жүйелеу, таралу ареалын айқындау.

Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер:

- **2022 жылға:** Төрт түлікке қатысты тілдік бірліктер отандық кітапхана, архивтерден сұрыптап, жинау жұмыстары жүргізіледі. Конференциялар, «Atau.kz» сайтында мақала жарияланады. Құрамында төрт түлік атаулары кездесетін паремия, табу, эфвемизмдер зерттеліп, нәтижесінде 1 мақала ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған рецензияланатын отандық басылымда жарияланады. Зерттеу нәтижелері конференция материалдарында жарияланады.

Нәтижелер:

Тілдегі мақал-мәтелдер, көркем шығарма, топоним, т.б. дереккөздердегі төрт түлік атаулары жүйе ретінде қарастырылып, ұмыт бола бастаған ақпаратты беретін төрт түлік атауларын дереккөз ретінде әр салада қолдануы негізделді.

Зерттеу жүргізуге қатысты әдебиеттерді қарастырып, жобаның ғылыми теориялық базасы қалыптастырылды.

Жоба жоспарына сәйкес төрт түлікке қатысты тілдік бірліктер отандық кітапхана, архивтерден сұрыптап, жинау жұмыстарын жүргізуге; конференциялар, «Atau.kz» сайтында мақала жариялауға; құрамында төрт түлік атаулары кездесетін паремия, табу, эфвемизмдер зерттеліп, нәтижесінде 1 мақала ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынған рецензияланатын отандық басылымда жариялауға, тілдік материалдар жинауға бағытталды. Нәтижесінде БҒСҚ ұсынған журналда 1, халықаралық ғылыми конференция жинағында 1мақала, atau.kz сайтындағы «Ономастикалық хабаршы» электронды бюллетенінде 1 мақала, барлығы 3 мақала жарияланды.

Қырғызстанның халықаралық университетінде жоба жетекшісі С.Қ. Иманбердиева және зерттеу тобының мүшесі Г.Ш. Бекенова студенттер алдында «Түркі тілдеріндегі «Төрт түлік» концепті» тақырыбында баяндама жасады, Арабаев атындағы лингвистикалық университетпен байланыс орнатылды, ғалымдармен ой-пікірмен бөлісті.

- **2023 жылға:** Астана, Шымкент қалаларының кітапханаларынан, архивтерінен көне төрт түлік атаулары және биотопонимдер туралы ғылыми болжамдардың барлығын қамтып, терең тілдік, тарихи зерттемелер жүргізіледі. Зерттеу нәтижелері ғылыми конференция материалында жарияланады. ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған рецензияланатын отандық басылымда 1 (бір) мақала жарияланады. Қазақстандағы биотопонимдер анықталып, мағынасы айқындалып, соның негізінде ауылшаруашылық кәсібіне ыңғайлы аймақтық «Қазақстан биотопонимдерінің салаға ықпалы» атты суретті анықтамалық түзіледі.

Нәтижелер:

Төрт түлік атаулары тілдік бірлік болғанымен, олар биология, география, тарих, метеорология, ономастика, лексикология салаларының тоғысуындағы алғашқы кешенді

зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Төрт түлікке қатысты биотопонимдердің көмескіленген мағынасы, қолданыс аясындағы танымдық қызметі зерттеліп, төрт түлікке қатысты лексикалық бірліктің ауылшаруашылықты дамытудағы басты ақпараты айқындалды.

Зерттеу нәтижесінде «Қазақстан биотопонимдерінің салаға ықпалы» атты суретті анықтамалық әзірленді. ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынған рецензияланатын отандық басылымда «Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код» атты мақала жарияланды, онда ауыл шаруашылықты дамытуда маңызды болатын паремияда сақталған төрт түлікке қатысты ақпарат қарастырылған.

Сонымен бірге, Низами ат. Ташкент мемлекеттік педагогика университетінде жұмыс тобының мүшелері – Егенберді М., Райнбекова С. Жобаның зерттеу нәтижелері бойынша магистранттар алдында баяндама жасап, ой-пікірмен алмасты. Нәтижесінде Өзбекстанның БҒМ ҒК ЖАК ұсынған рецензияланатын басылымда «Verbal biotoponyms based on the names of pets» мақала жарық көрді.

Одан бөлек зерттеу нәтижелері Қарақалпақстан, Қазақстанның ЖОО ұйымдастырған ғылыми конференцияларда, ғылыми басылымдарда мақала түрінде жарық көрді. Шымкент, Алматы қалаларының орталық кітапханасы мен орталық архивінен зерттеуге қажетті ақпарат жиналды.

- **2024 жылға:** Төрт түлік атауларына байланысты паремияда сақталған халықтық өлшемдердің этнолингвистикалық табиғаты ашылады. ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған рецензияланатын отандық басылымда 2 (екі) мақала жарияланады. Зерттеу нәтижелері ғылыми конференция материалында жарияланады. Төрт түлік атаулардың мағынасы, этимологиясы, танымдық тұрғыдан қолдану аясы ашылып, «Төрт түлік атаулары» атты сөздік әзірленеді. Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Russian Science Citation Index индекстелетін және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес) процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу жарияланады. «Қазақ тілдік танымдағы «Төрт түлік» концептінің өрісі» атты монография басып шығарылады.

Зерттеу тобының мүшелері:

Жоба жетекшісі – Иманбердиева Сәуле Құрманбайқызы, филология ғылымдарының докторы, доцент. <https://orcid.org/0000-0002-9151-9881>

Зерттеу тобы:

Бас ғылыми қызметкер – Бекенова Гүлнар Шияпқызы, филология ғылымдарының кандидаты. Еуразия гуманитарлық институтының профессоры

Кіші ғылыми қызметкерлер – Райнбекова Гүлмира Сайлаубайқызы, педагогика ғылымдарының магистрі, Еуразия гуманитарлық институтының аға оқытушысы <https://orcid.org/0000-0002-2865-3500>

Кіші ғылыми қызметкерлер – Егенберді Меруерт Егенбердіқызы, педагогика ғылымдарының магистрі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы <https://orcid.org/0000-0002-3797-5202>

Кіші ғылыми қызметкерлер – Сейітова Жанат Әділбекқызы, лингвистика магистрі, С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университетінің оқытушысы.

Жоба бойынша жарияланымдар:

2022 ж.:

1 Бекенова Г.Б. Ономастикадағы номинациялық сипат// Еуразия гуманитарлық институттың Хабаршысы. №3, 2022ж. 16-25 бб.

2 Иманбердиева С.К. Қарағанды облысының биотопонимдері// Ономастикалық хабаршы №2, 2022ж. 17-24 бб.

3 Бекенова Г.Ш., Райнбекова Г.С. Мал шаруашылығына қатысты атаулардың зерттелуі//«Мұхтар Әуезов және ұлт өркениет» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Семей, 2022 183-186 бб.

2023 ж.:

1 Иманбердиева С.Қ., Егенберді М. Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код // Еуразия гуманитарлық институттың Хабаршысы. №3, 2023ж. 16-25 бб.

2 Иманбердиева С.Қ., Егенберді М. Төрт түлікке қатысты етістікті биотопонимдер // М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті Гуманитарлық – әлеуметтік ғылымдар институты, филология және журналистика кафедрасының ұйымдастырған «Тәуелсіз Қазақстан: тіл және ономастика» атты халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы 28 наурыз, 2023. 33-37 бб.

3 Иманбердиева С.Қ. Төрт түлікке қатысты биотопоним негізінде тілді оқыту // Материалы международной конференции по педагогическому образованию «Качество педагогического образования в условиях современных вызовов» IFTE 2023: Uzbekistan 29-30 мая 2023 г. 193-199 бб.

4 Айтбаев Д., Иманбердиева С.Қ., Егенберді М. Verbal biotponyms based on the names of pets // «Ta’lim va innovatsion tadqiqotlar» xalqaro ilmiy-metodik jurnal №7/2023 IYUL-2. 364-369 бб.

5 Иманбердиева С.Қ., Егенберді М. Биотопонимдердің қазақ тілдік санасындағы әлеуметтік мәні // «Turkiy tillar tarixiy onomastikasi tadqiqi: yutuqlar, muammolar va vazifalar» mavzusidagi III Халықаралық ономастика симпозиумының материалдар жинағы 26-28 қазан, 2023 48-50 бб.

6 Иманбердиева С.Қ. Төрт түлікке қатысты биотопонимдердің ауылшаруашылық саласындағы маңызы // Дулати университет хабаршысы. № 3, 2023. -13-29 б.

7 Иманбердиева С.Қ., Бекенова Г.Ш., Егенберді М.Е., Райнбекова Г.С., Сейітова Ж.Ә. «Қазақстан биотопонимдерінің салаға ықпалы» суретті анықтамалық. «Focus» баспасы. – Астана, 2023. – 148 бет

8 Иманбердиева С.Қ. Биотопонимдердің этнографияға ықпалы // «Кұсайынов оқулары «XXI ғасырдағы ғылым және білім: үрдістер мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары 2023 жыл 8 желтоқсан, 257-261 бб.